



Ақтөбе облысындағы Қобда ауданының Сөгәлі ауылында 1916 жылы дүниеге келген әкем Қайрош Ибрашев – Ұлы Отан соғысының ардагері. Ол екі рет жараланса да, жауынгерлер сапына қайта оралып, Жеңіс күнін жақындатқан жандардың бірі еді.



Үйінде өскен анам Нағимамен сол жақта бас қосқан. Тұңғышы мен 1948 жылы дүниеге келгенмін. Қ. Ибрашев 1937 жылы Башқұрт АССР-ның Довоняново деген жеріндегі ауыл шаруашылығы техникумында оқып, агроном мамандығын алып шыққан. 1938 жылы әскер қатарына шықырылады. Үш жылдық әскери қызметін өтеп жүргенде, 1941 жылы соғыс басталып, әрі қарай майданға жіберіледі. Әскери билетінен көріп отырғанымыздай, 123-ар-

Әке ерлігі туралы естелік

Бір күні қолыма Ғалымжан Байдербес ақсақалдың «Ржев шайқасының қаһармандары» деген кітабы тиді. Ондағы айтылған соғыс шындығы, Ржевтегі қанды қасапта шейіт болған жауынгерлердің жайы жағамды ұсатты. Көз жасымды тоқтата алмадым. Қолдарында қаруы не ішетін астары, қақаған қыста киетін жылы киімдері жоқ жас жауынгерлерді ашықтан-ашық өлімге айдаған екен...

Әкемді есімнен шығармай, әр кез дұғама қосып отырамын ғой. Бірақ мына кітапты оқығаннан кейін әкеме деген сағынышым күшейді. Неге екенін білмеймін, ол кісі соғыс туралы айтпауға тырысағын. Біз де балалықпен әкемізден ештеңе сұрамаппыз. Соғыста алған екі жарақаттың салдарынан өмірден ертерек кетті. «Әкеміз туралы тым болмаса, бірауыз сөз жазып, еске алу перзенттік парызымыз емес пе?» еді деген ой мазалады. Құжаттарын ақтарып қарадым.

Біздің есімізде соғыс туралы айтқан естелігі қалмағаны өкінішті. Жан күнімізде ол кісінің ішінде отадан қалған

үлкен тыртықтар болғаны есте. 1944 жылы ақпан айында сол қолына оқ тиіп, госпитальда жатып емделген. Сол жылы шілде айында оң жақ жамбасынан жараланып, ішек-қарнын сүйретіп, госпитальға әрең жетіпті. Бала күнімізде әкемнің ұйықтап жатқанда жастықтан басын жұлып алып: «В атаку! Вперед! Ура!» деп айқайлайтынын еститінбіз. Кейін онысын қойып кетті. Аға сержант Гайрут (Қайрош) Ибрашев 1942 жылдың 22 желтоқсанында «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен марапатталған, 1943 жылы қолына тапсырған. Осы құжатқа қарап, әкемнің де қар жамылып, мұз жастанып, соғыстың бел ортасында болғанына көзіміз жеткендей.

Әкем сол уақыттағы әртүрлі жағдайларға байланысты болса керек, ата-анасынан ерте айырылып, жетім өскен. Туған әпкесі Ұлдай Сұлтан есімді інісі екеуіне бас-көз болып, оқытып, ел қатарына қосқан. Орынбор облысының Тұзтөбе ауданы, Григорьевка деген жерде тұрған, 1945 жылы қазан айында соғыстан келген соң балалар

тиллериялық полктің, 105-атқыштар полкінің құрамында ұрыстарға қатысқан.

1954 жылы Орал (Батыс Қазақстан) облысының Қаратөбе ауданы «Қоскөл» кеңшарына көшіп келдік. Әкем агроном болды, тың игеру жылдары ғой, қарапайым, өте сабырлы адам еді. Анам екеуі сегіз перзент сүйді.

Әкем еккен егін бітік шығатын, бидай да, қартоп та, қарбыз да егетін, бізді де еңбекке үйренсін деп жұмсайтын. Сонда жаңбыр суымен-ақ бай-бақса өсе-тұғын, Қаратөбенің жері құнарлы еді.

Ол кісі от пен судың ортасынан келген соң ба, бейбіт тірлікте ештеңеге тарылмайтын, қанағаты мол жан еді. Көрші-көлеммен де екен өнімдерін бөлісіп, бірге жейтінбіз. Бізге «Оқыңдар» дейтін. Оқыдық, маман болдық, өстік-өндік, үмітін ақтауға тырыстық. Қоскөлде мәңгі тыныс тапқан әкемнің басына жылда барып, Құран бағыштаймыз.

Қарлыға ҚАЙРОШҚЫЗЫ, зейнеткер

төрағасы Қайрат Ермекбаевқа, сондай-ақ «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Бөрлі аудандық филиалының жетекшісі Әли Бектұрғановқа көрсеткен құрметі мен қолдауы үшін шексіз алғыс білдіреміз. Еңбектерің жемісті, ғұмырларыңыз ұзақ болсын!

Б. БЕКБЕРГЕН, Бөрлі ауданының құрметті азаматы, ардагер

Жыл сайын Бөрлі ауданының әкімі Еркебұлан Ихсанов Орал қаласында тұратын Бөрлі ауданының ардагерлеріне 1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай ерекше құрмет көрсетеді. Бұл күн ардагерлер үшін жыл сайын асыға күтетін мейрамға айналған. Кездесу барысында көптен бері жүздеспеген қариялар бір-бірін көріп, шұрқыраса қауышып, естеліктерімен бөліседі. Ардагерлер атынан Бөрлі ауданының әкімі Еркебұлан Ихсановқа, аудандық мәслихат

«ECSAD» ЖШС 2025 жылғы 11 қараша күні сағат 15:00-де жоспарланып отырған қызмет бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есепке қатысты ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды. Жоспарланған қызмет: «Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Тайпақ ауылдық округі аумағында мұнай қалдықтарын биологиялық ремедиация әдісімен өңдеуге арналған уақытша технологиялық алаңның құрылысы және пайдалануға берілуі».

Географиялық координаттары: 1) солтүстік ендік: 49°02'51.45957", шығыс бойлық: 51°46'19.45060"; 2) солтүстік ендік: 49°03'07.62079", шығыс бойлық: 51°46'20.76954"; 3) солтүстік ендік: 49°03'08.31392", шығыс бойлық: 51°46'01.09874"; 4) солтүстік ендік: 49°02'52.15262", шығыс бойлық: 51°45'59.78157". Жоспарланған қызмет нысанына ең жақын елді мекен – Тайпақ ауылы.

Қоғамдық тыңдаулар өтетін орны: Мәдениет үйі, мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Тайпақ ауылдық округі, Тайпақ ауылы, Бақ-

тығали Бисенов көшесі, 34. Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсету арқылы жүргізіледі.

Сондай-ақ Zoom платформасында бейнеконференция ұйымдастырылады. Қосылу сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/3589615312?pwd=SnbANoqroVlxCb1hsILpXV0bSmSBrV.1&omn=82742767292>, Конференция идентификаторы: 358 961 5312, Қатысу коды: 1234567

Жоспарланған қызметтің бастамашысы туралы мәліметтер мен байланыс деректері: «ECSAD» ЖШС: БСН 070440008254, заңды мекенжайы: Қарағанды қаласы, Бұқар Жырау даңғылы, 86/5, 18; эл. пошта: info@ecsad.kz; тел.: 87777444459.

Құжаттаманы әзірлеуші туралы мәліметтер: Саркулова С. К. ЖК, ЖСН 820209451385, заңды мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Батыс-2, 17В үй, 44-пәтер; эл. пошта: ip_sarkulova_sk@mail.ru, тел.: 87014848005.

Құжаттар топтамасымен Бірыңғай экологиялық порталдан танысуға болады: <http://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның ресми

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады. ^А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Сатыбалды Сәлімұлы ТАСПИХОВ

Орал қаласы әкімдігі ардақты азамат, ауыл шаруашылығы саласының білікті маманы, ұзақ жылдар бойы халық игілігі жолында адал еңбек еткен еңбек ардагері Таспихов Сатыбалды Сәлімұлының өмірден озуына байланысты орны толмас қайғыға ортақтасып, отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтады.

Сатыбалды Сәлімұлы 1936 жылғы 27 желтоқсанда Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданына қарасты Сазанды ауылында дүниеге келген. 1954 жылы А.Оразбаева атындағы орта мектепті аяқтап, 1955 жылы Орданың механизаторлар училищесін бітірген. Еңбек жолын Қошанкөл машина-трактор станциясында (МТС) тракторист болып бастап, бұл қызметті 6 жыл бойы абыроймен атқарды.

1961–1963 жылдары Орал ауыл шаруашылығы техникумында білім алып, зоотехник мамандығын игерген. Еңбек жолын одан әрі Қошанкөл совхозында жалғастырып, бөлімше зоотехнигі, бөлімше меңгерушісі, совхоздың бас зоотехнигі лауазымдарында еңбек етті. Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, тәжірибелі әрі іскер маман ретінде ауыл шаруашылығы саласының дамуына сүбелі үлес қосты.

1989 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін Қошанкөл тұтыну кооперативінің басқарма төрағасы қызметін атқарып, жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына үлес қосты. Саратов ауыл шаруашылығы институтын сырттай оқып, жоғары білім иесі атанды.

Сатыбалды Сәлімұлы өнегелі әке, асыл жар, ардақты ата ретінде де үлкен құрметке ие болды. Жанұясында 9 ұл-қыз тәрбиелеп, барлығына арнаулы орта және жоғары білім беріп, білікті маман иесі атандырды. Ұрпағына тәлім-тәрбие беріп, немере-жиен, шөберелерінің сүйікті атасы болды.

Таспихов Сатыбалды Сәлімұлының елге сіңірген еңбегі, адами қасиеті мен өнегелі өмір жолы халық жадында мәңгі сақталады.

Орал қаласының әкімдігі, Орал қаласы ардагерлер кеңесі



Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14. Бас редактор 51-25-80. Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08. Жауапты хатшы 54-38-22. Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09. Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru Бухгалтерия 54-04-90.

Газет облыстық «Oral óniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Л. Толстой көшесі, 27/6. Телефон: 50-51-46 Индексі: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 8876 4 баспа табақ, Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: **Н. СҰЛТАНОВА, Г. ҚОЛҒАНАТОВА**

Кезекші редактор: **А. АМАНЖОЛ**